



DEPARTMENT OF
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ МОДЕРНИЗАЦИЯСЫ:
ПЕРСПЕКТИВАЛАР МЕН СЫН-ҚАТЕРЛЕР**

Х-шы Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
5 мамыр 2020 ж.

**СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ
КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА:
ПЕРСПЕКТИВЫ И ВЫЗОВЫ**

Материалы X-Международной
научно-практической конференции
5 мая 2020 г.

Нур-Султан, 2020

УДК 327(063)
ББК 66.4 (0)
С 69

Редакционная коллегия:

Доктор политических наук, профессор **Р.А. Нуртазина**, Казахстан
Доктор политических наук, профессор **Е.В.Матвеева**, Россия
Доктор политических наук, профессор **Хасан Язиджы**, Турция
Депутат VI Созыва Палаты представителей Национального собрания
Республики Беларусь – **Жданович Павел Леонидович**

Организационный комитет конференции: E-mail: polscience323@gmail.com

Информация о конференции на сайте: enu.kz

Рыстина И.С. – доктор PhD, доцент, зав.кафедрой политологии

Копежанова Д.Е.- доктор PhD, доцент кафедры политологии

Болатулы Нуржан – преподаватель кафедры политологии

«Социально-политическая модернизация казахстанского общества: перспективы и вызовы».

Сборник материалов X- Международной научно-практической конференции. (5 мая 2020 г) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

ISBN 978-601-337- 131-3

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки, философии Абая Кунанбаева в современных социально-политических реалиях, волонтерства в контексте формирования гражданского общества и реализация программы «Рухани жанғыру», как новые тренды духовного обновления нации.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.

ISBN 978-601-337- 131-3

© Кафедра политологии
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2020.

Сұлтан Д.Т.
sultan_daryn@mail.ru

Саясаттану мамандығы бойынша 1-курс магистранты
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-сұлтан, Қазақстан

НАТО-НЫҢ ОРТА АЗИЯДАҒЫ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОНЫ РЕАЛИЗАЦИЯЛАУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация: Еуропаның көп елдері және АҚШ сынды мемлекеттер кіретін НАТО ұйымы әлемдегі ең мықты әскери одақ болып табылады. Ұйымның орта Азиядағы саясаты Қазақстан республикасына да тікелей қатысты. Тақырып Қазақстан мен Солтүстік атлантикалық альянс арасындағы серіктестіктің индивидуалды жоспарының болу себебінен өте актуалды.

Кілттік сөздер: НАТО, әскери-саясат, серіктестіктің индивидуалды жоспары, бейбітшілік үшін серіктестік, евротлантика, Солтүстік атлантика

Соңғы бірнеше жылдан бері қазіргі таңға дейін көптеген халықаралық ұйымдар күн тәртібіне қауіпсіздікке қауіп төндіретін терроризм және радикалды исламизмге қарсы тұрудың жолдарын қарастыруда. Сол себепті НАТО бір жағынан Сирия еліндегі жанжалды басуға ат салысса екінші жағынан ұйымның әскери потенциалын арттыру үшін альянсқа шығыс Еуропаның әлі НАТО құрамына кірмеген елдерін шақырып, сол елдерде әскери базалар салу мәселесін талқылауда. Осы орайда бұрыннан бері қалыптасқан Солтүстік Альянстың орта Азия елдеріне қатысты стратегиясын дамытудың өзектілігі туындап отыр. НАТО-ның 2020-жылға дейінгі қабылданған «Active Engagement, Modern Defence» (белсенді қатысу, заманауи қорғаныс) концепциясында НАТО үшін стратегиялық тұрғыдан маңызды екі аймақ елдерімен, атап айтқанда Оңтүстік Кавказ және орта Азияда орналасқан елдермен серіктестік қатынастарды дамытудың маңызы атап көрсетіледі. Себебі бұл елдердегі саяси жағдайдың тұрақтылығы және қауіпсіздігі евротлантикалық қауіпсіздіктің кепілі бола алады. Сондықтан аталмыш аймақтың елдерін натоцентристік қауіпсіздік жүйесіне тарту көзделген.

Оған қоса көптеген ғалымдардың пайымдауынша осы бағыттар НАТО-ның жақын уақыттағы серіктестік қарым-қатынасын ұстауға тырысатын бағыттары екенін жасырмайды. НАТО үшін бұл екі бағыттың маңызды екені сонау 2004 жылғы Стамбул саммитінде алғаш рет айтылған болатын. Сол 2004 жылғы саммит кезінде одақ елдер осы екі аймақта НАТО-ның арнайы өкілінің болуын қолдады. Оның негізгі функциялары ретінде аймақтағы НАТО-ның саясатын координациялау болды. Посткеңестік елдерді альянсқа кіруге шақыруға бағытталған іс-әрекеттер 1994 жылы басталған. Сол жылы ЕҚЫЖ ЕҚЫҰ болып қайта құрылды. Бірақ ЕҚЫҰ әскери-саяси қауіпсіздік саласындағы рөлінің азаюы НАТО-ның әскери-саяси интеграцияның орталығына айналуына септігін тигізді. НАТО стратегиясын жүзеге асырудың басты құралы ретінде «Бейбітшілік үшін серіктестік» (Partnership for Peace) бағдарламасын шығарды [1]. Аз уақыттың ішінде БҰС бағдарламасы барысында НАТО-мен барлық дерлік орта Азия елдері арасында декларативті мәндегі келісімдерге қол қойылды. Кейбір елдермен БҰҰ-ның эгидасына сүйеніп бейбітшілік және гуманитарлық операцияларды бірігіп өткізу, ЕҚЫҰ-ның жауапкершілігімен әскери серіктестікті дамытып, бірлескен жоспарлау және әскери оқулар ұйымастыру мәселелері қарастырылды. Тіпті БҰС бағдарламасы ұзақ уақыттағы преспективада осы елдерді одаққа кіргізуді көздеді [2]. Бейбітшілік үшін серіктестік бағдарламасы бойынша келесі қадамды орта Азия елдері жасады. Аймақтағы мемлекеттер Серіктестіктің саяси мақсаттарына жету үшін жасалатын әрекеттерді айқындайтын презентациялық документтерді даярлады. Осы бағдарламаға сүйеніп, НАТО әр екі жыл

сайын әр орта Азия елдерімен индивидуалды мәндегі «Серіктестіктің индивидуалды бағдарламасын» жасайды. Ал Қазақстанмен 2006 жылдан бері «Әрекет етудің индивидуалды жоспар» бағдарламасы жасалып келеді. Осы бағдарламаларда аймақ мемлекеттері өздері қатысқылары келетін ұйымның жұмыстарын белгілеп, өздерінің тарапынан осыған орай бөлінетін ақшаның көлемін анықтайды.

2000-жылдардың ортасына таман аталған елдердің барлығымен дерлік қарым-қатынастың негіздері қаланып, елдердің қорғаныс саласындағы реформалары қабылданып, керек болса бірігіп бейбітшілік әскери операциясын жүргізу үшін екі тараптың қарулы күштерінің оперативті бірігіп жұмыс істеу мүмкіндігін арттыруға бағытталған әрекеттер іске асырылды. Осымен қатар әскери-саяси серіктестік әрі қарай дамып, БҰҰ бағдарламасының аясында Қазақстан мен Өзбекстан «Жобалау және анализ процесіне» (Planning and review process) қосылды. Бұл бағдарламаларға аталған елдердің қосылуы қарулы күштердің оперативті әрекеттесуін және аталған орта Азия елдерінде қорғаныс институттарын күшейту дегенді білдірді.

Сонымен қатар республикалардың бағдарламаның бұл механизміне қатысуы елдердің қарулы күштерінің белгілі топтарының дайындау НАТО стандарттарына сүйенеді дегенді білдірді. Мысалы Қазақстанды алатын болсақ негізгі акцент аэромобилді күштеріне, әскери-теңіз күштері мен қазақстандық бейбітшілік орнату батальонына (Қазбат) жүктелді. Айта кетерлік жағдай: 2003-2008 жылдар аралығында қазақстандық «Қазбат» БҰҰ басшылығымен көпұлттық бейбітшілік орнату күштерінің құрамында Иракта қорғаныс пен тұрақтылықты сақтау бейбіт операцияларына қатысты. Жоспарлау және анализдеу процесіне кейін Қырғызстан мемлекеті де қатысып, Өзбекстан «әндіжандағы жағдайға» байланысты 2005-2010 жылдар аралығында керісінше бұл процестен шығып кетті. Аталған елдермен қарым-қатынасты дамытудың келесі сатысы «Оперативті потенциал концепциясына қосылу болатын» (Operation Capabilities Concept) [3]. Алайда бұл процеске орта Азия елдерінің ішінен тек Қазақстан қосылды. Осылайша НАТО орта Азия елдерімен әскери-саяси тұрғыдан серіктестікке жетуде әр елмен индивидуалды мәндегі келіссөздер жүргізгендігінен жетістікке жетті. Әр елмен серіктестік барысында жасалатын бағдарламалар әртүрлі болғандықтан әр елмен серіктестік деңгейі әр түрлі. Орта Азия елдерінің ішінен серіктестікке өте пассивті түрде қатысып отырған елдерге Түркіменстан мен Тәжікстанды жатқызуға болады. Жағдайдың бұлай болуының себебі Түркіменстан мемлекетінің сыртқы саясаттағы нейтралитеті болса, Тәжікстан ұйымға өте кеш қосылды.

Бірақ аймақтағы қорғанысқа бағытталған НАТО-ның шараларына барлық елдер белсенді түрде қатысуда. Серіктестіктің инициативалардың кең спектріне Қазақстан жақсы қатысады, оның мысалы ретінде Қазақстан және НАТО-ның басқа елдері жыл сайын өткізетін бейбітшілік мәндегі әскери «Дала қыраны» (Steppe Eagle) оқу жаттығуларын айтуға болады. Аталған фактілерді анализден өткізе келе «бейбітшілік үшін серіктестік» Солтүстік-атлантикалық альянстың стратегиясының механизмі тек Қазақстанмен ғана қарым-қатынасты жақсартты деген шешімге келуге болады. Ал аймақтағы басқа елдер білім-ғылым, азаматтық қорғаныс, терроризм және есіркі тасымалдауға қарсы күрес саласында батыс елдерімен жақсы қарым-қатынаста болғанымен әскери-саяси қарым-қатынасты күшейтуге қызықпайтындықтарын көрсетті.

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2014 жылдың 12 желтоқсанында жариялаған 2189 Резолюциясында Ауғанстанда жаңа бейбіт миссиясының басталуының құқықтық негізі жасалған болатын. Бұл миссия халықаралық қорғанысқа көмек күштерінің мандаты біткен соң 2015 жылы басталды. Осы миссияға НАТО және оның 13 серіктес елдері қосылды. 2014 жылғы қыркүйекте Уэльста өткен саммит нәтижесінде НАТО Ауғанстан территориясында 9-12 мың жауынгерден құралған контингентті ұстауды және соған 400 млн доллар ақша бөлуді ұйғарды. Орта Азиядағы көп елдер ҰҚКҰ мүше болғандықтан және Стамбул саммитін ҰҚКҰ тарапынан НАТО-ға серіктес болуды ұсынғанымен НАТО Ресей Федерациясы орта Азияны өзінің ықпалды аймағы деп санап отырғанын мәлімдеп бұл

серіктестіктен бас тартқанымен ИШИМ(ИГИЛ) террористік ұйымының Ауғанстан аймағын өз жұмыстарын жандандыруы екі тараптың бейресми серіктестігіне алып келмек[4]. Сонда да НАТО аймақтағы елдердің өзінің айналасында шоғырлануын қалайды. Осы процесті тез жүргізу үшін 2014 жылы «Жұмыс жоспарын» жариялады. Ол жерде 2010-2011 жылдар аралығында жасалуы тиіс 34 әртүрлі саладағы 1200 ден астам жоспарланған іс-шаралар жасалынғаны айтылған.

Нәтижесінде Қазақстанда НАТО стандарттарынмен жабдықталған «Қазбриг» бейбітшілік бригадасы құрылды. Ол бригаданың инженер-саперлік топтары мен медициналық көмек көрсету топтары өте жоғары деңгейде жарактандырылған. Сонымен қатар қазіргі таңда шекара күзеті, терроризмге қарсы күрестің НАТО стандарттарының курстарын басқа орта Азия елдері өтіп жатыр.

Қортындылай келе НАТО-ның стратегиясы алдағы 10 жыл ішінде толыққанды жүзеге асу мүмкін деген болжау жасауға болдаы. Солтүстік атлантикалық ұйым БҰҰ тығыз байланыста болуы, батыстың елдерінің қолдауы және қаражаттың молдығы осыған себеп бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Акказиева Г.И. Политика европейских региональных и трансатлантических организаций (ОБСЕ, ЕС, НАТО) в Центральной Азии / Г.И. Акказиева. Бишкек: Изд-во КРСУ, 2013. С. 135

2. Partnership for Peace: Framework Document Ministerial Meeting of the North Atlantic Council/ North Atlantic Cooperation Council, NATO Headquarters, Brussels, 10–11 January 1994 [Электронный ресурс]. URL: <http://www.nato.int/docu/comm/49-95/c940110b.htm>

3. Бабаджанов А.Я. Формирование диалогового пространства “НАТО – постсоветские государства” / А.Я. Бабаджанов // Вестник МГИМОУниверситета. 2009. № 3. С. 34.

4. Никитина Ю.А. ОДКБ и НАТО: проблемы взаимодействия / Ю.А. Никитина // Вестник МГИМОУниверситета. 2011. № 6. С. 26–27.

**Тажигалиева Г.К.,
Магистрант 2 курс кафедры политологии,
tazhigaliyevagulzira@gmail.com
г. Нур-Султан, РК**

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОЦИАЛЬНОЙ ПОДДЕРЖКИ СЕМЬИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

В данной статье отображены основные направления социальной поддержки семьи в Республике Казахстан. Целый комплекс важных мер, осуществляемых государством по защите каждого гражданина страны от экономических и социальных проблем, рассматривается как инструменты социальной политики.

This article reflects the main directions of family social support policy in the Republic of Kazakhstan. A whole complex of important measures taken by the state to protect every citizen of the country from economic and social problems are social policy instruments.

Семья, социальная политика, малоимущая семья, адресная социальная помощь, многодетная семья, материнство, детство, рождаемость, смертность.

Family, social policy, poor family, targeted social assistance, large family, motherhood, childhood, fertility, mortality.